



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1740

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

"Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне
өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң кесімдеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Z970155_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 307-құжат; 01.04.2000 жылы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне банк құпиясы жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 29 наурыздағы Z000042_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 1-тармағында "Әділет біліктілік алқасында" деген сөздер

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Біліктілік алқасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

1-тармақта "Әділет" деген сөзден кейін "министрлігі" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақта "Әділет" деген сөзден кейін "министрлігінің" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 11-баптың бірінші абзацында "Әділет" деген сөзден кейін "министрлігі" деген сөзбен толықтырылсын.

2. "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы

Z970195_

Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат):

1) 9-бапта:

1-тармақта "Әділет" деген сөзден кейін "министрлігі" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақта "Әділет" деген сөзден кейін "министрлігінің" деген сөзбен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.